Бекітемін:
Мектеп директоры м.а.
Мадьярова А.М.
29.08.2024ж.

Келісемін:
Оқу ісінің меңгерушісі:
Исмагулова А.Б.

ӘБ жетекшісі:
ӘБ отырысында қаралды
Хаттама №1

**«Грамматика әлемінде»**

1 сынып

Мұғалім: Ердембаева Т.Е.

2024-2025 оқу жылы

Обаған ауылы

Түсінік хат

Жас ұрпаққа білім берудегі негізгі пән – ана тілі. Өйткені, әрбір ұлт перзентінің өз ана тілін терең біліп, оның шығармаларын оқу бала жастан бойына сіңіре білу – ұлттық тәрбиенің нышаны. Грамматикалық талдау арқылы оқушының рухани дүниесі байиды, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

**«Грамматика әлемінде»** бағдарламасын меңгере отырып, оқушының таным деңгейі, сөйлеу тілі, сөздерді орынды қолдану, сөйлемді дұрыс құрау, ойын жеткізе білу іскерлігі қалыптасады. Оқушының тілдік білімін дамытып қана қоймай, пәнге деген қызығушылығын, ынтасын, шығармашылық қабілетінің дамуына септігін тигізеді.

1-сыныптың оқушы компанентіне арналған «Грамматика әлемінде» бағдарламасы 34 сағатқа негізделіп жасалынған. Мектеп бағдарламасын тереңдету мақсаты көзделген.

Бағдарламада «Дыбыс пен әріп», «Сөз сөйлемі», «Буын, тасымал»,

«Дауысты, дауыссыз дыбыс» туралы бөлімдері арқылы грамматикалық

мағлұматтар алып, шығармашылық қабілетінің дамуына, ана тілін құрметтеугеқалыптасады.

**БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ:**

Балалардың сөздік қорын молайту, сөйлеу мәнерін қалыптастырып, ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

**БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

- ✓ Сауатты жазуға, сөз мағынасын, сөйлеу мәдениетін дұрыс оқуғ
- ✓ Ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын, сөйлеу мәдениетін дамыту;
- ✓ Орфографиялық дағдыларды қалыптастыру;
- ✓ Оқылған материалдарды драмалау.

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:**

- ✓ Сөз өнерін меңгерген тұлға қалыптастыру;
- ✓ Дұрыс, шапшаң оқу талаптарын меңгереді;
- ✓ Сауатты жазуға төселеді;
- ✓ Шығармашыл тұлға қалыптасады.

## ОҚУ КУРСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ МАЗМҰНЫ

***Пәні –Грамматика әлемінде***

***Сағат саны – 33 сағат.***

1. **Дыбыс әріп – 3 сағат.**

   Дыбыстарды дыбысталу ерекшелігін танытып, дидактикалық ойындар арқылы бекітеді. Әріптің таңбалануын, айтылу, жазылу ерекшелігін таныту.

2. **Дауысты дыбыстар – 5 сағат.**

   Дауысты дыбыстарды, сөздерді талдайды. Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата біледі.

3. **Дауыссыз дыбыстар – 4 сағат.**

   Дауыссыз дыбыстардың түрлерін үйренеді, сөздік қорын молайтады.

4. **Сөз сөйлем – 4 сағат.**

   Сөз бен сөйлем туралы үйреніп, сызба арқылы сөйлем құрап, сөйлемніңқұрылысын таниды.

5. **Тіл дамыту – 3 сағат.**

   Ақын - жазушылардың шығармалары арқылы шығармашылық қабілеттеріартады.

6. **Буын – 3 сағат.**

   Буын түрлерін үйреніп, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауды үйренеді.Ашық, тұйық, бітеу буындар туралы алғашқы түсінігі қалыптасады.

7. **Тасымал – 3 сағат**
8. **Тіл дамыту -3 сағат**

**9.Ертегі айтып үйренейік – 4 сағат.**

Халық ауыз әдебиеті үлгісінің бірі – халық ертегілерінің мазмұнын меңгереотырып, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіреді.

**10.Жылдық қайталау – 1 сағат.**

## ПӘНДІ МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТАЛАПТАРЫ

1. Дыбыс пен әріп туралы түсінігі қалыптасып, грамматикалық мағлұматтарды меңгеруі тиіс;
2. Сөз сөйлем туралы дағдылары қалыптасып, сызба арқылы сөйлем құрай білуі тиіс;
3. Буын, оның түрлерін, тасымал туралы меңгеріп, жазу дағдыларын, сөздерді тасымалдай білуге, буынның түрлерін дауысты дыбыстарға байланысты ажырата білуі тиіс;
4. Ақын-жазушылардың шығармалары арқылы тілін дамытып, шығармашылық қабілетін кеңейтуі тиіс;
5. Әрбір оқушы өзіндік пікірі бар, тіл байлығы мол тұлға қалыптасуы тиіс;
6. Әрбір оқушы өз дағдыларын жоғалтпай, қажетті жағдайда оқушылар бір- бірімен көмек сұрай отырып, ортақ міндеттерді шеше білуі тиіс.

## «Грамматика әлемінде» курсының бағдарламасы

| № | Сабақтың тақырыбы | Грамматика | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Дыбыс, әріп** | 1. Дыбыстарды тану, дидактикалық ойын арқылы бекіту.<br>2. Әріптерді пысықтау.<br>3. Дыбыс пен әріпті қайталау | 1<br>1<br>1 | |
| 2 | **Дауысты дыбыстар** | 1. Дауысты дыбыстардың дыбысталуы, сөздерді талдау.<br>2. Дауысты дыбыстардың түрлері. Жуан дауысты дыбыстар.<br>3. Жіңішке дауысты дыбыстар.<br>4. «Нан қайдан шығады» ертегі үзіндісін талдау.<br>5. Ертегіні драмалау. | 1<br>1<br>1<br>1<br>1 | |
| 3 | **Дауыссыз дыбыстар** | 1. Дауыссыз дыбыстардың түрлері: қатаң, ұяң, үнді.<br>2. Дауыссыз дыбыстардың түрлері: қатаң, ұяң, үнді.<br>3. «Ешкі мен түлкі» ертегісін талдау.<br>4. Білім деңгейін анықтау. Тест. | 1<br>1<br>1<br>1 | |
| 4 | **Сөз. Сөйлем** | 1. Сөз туралы түсінік.<br>2. Сөзден сөйлем құрастырып, сөйлемнің қызметін таныту.<br>3. Тірек сызба арқылы сөйлем құрау.<br>4. Білім деңгейін анықтау. Тест. | 1<br>1<br>1<br>1 | |
| 5 | **Тіл дамыту** | 1. Ы.Алтынсарин – алғашқы ұстаз.<br>2. С.Көбеев – болашақ жазушысы.<br>3. А.Құнанбаев – ұлы тұлға. | 1<br>1<br>1 | |
| 6 | **Буын түрлері туралы түсінік** | 1. Буынсыз сөз болмайды.<br>2. Буын құрау, буыннан сөз құрастыру.<br>3. Ашық, тұйық, бітеу буындар. | 1<br>1<br>1 | |
| 7 | **Тасымал** | 1. Сөздердің тасымалдау жолдары<br>2. Сөздердің тасымалдау жолдары<br>3. Білім деңгейін анықтау. Тест. | 1<br>1<br>1 | |
| 8 | **Тіл дамыту** | 1. А.Байтұрсынов – әліппенің атасы.<br>2. Ш.Уалиханов – ағартушы.<br>3. Ж.Жабаев – ақын. | 1<br>1<br>1 | |
| 9 | **Ертегі айтып үйренейік** | 1. «Арыстан мен тышқан»<br>2. «Арыстан мен тышқан»<br>3. «Түлкі мен тырна»<br>4. «Екі әтеш»<br>5. «Күшік пен мысық» | 1<br>1<br>1<br>1 | |
| 10 | **Қорытынды** | Жылдық қайталау | 1 | |

## Пайдаланған әдебиеттер


1) Артықов Т.М. «Қазақ тілінен тірек-сызбалар» Алматы 2002ж.
2) Асқарбаева А. Ботабаева Ұ. «Ана тілінен дидактикалық материалдар».Алматы. «Рауан» 1992ж.
3) Адамбаев Б. «Халық даналығы»
4) Әуелбаев Ш. Молдатаева М. «Сауат ашуға арналған дидактикалықматериалдар». Алматы. «Рауан» 1990ж.
5) Баймұратова Б. «Тіл дамыту». Алматы. 1971ж.
6) Бастауыш мектеп. 1998ж. № 3
7) Жұмабаев М. Тіл дамыту туралы
8) Кенжеғұлова А. «Сөз өнері» қазақ балалар әдебиеті. ДШО оқулығы.Ақтөбе 1994ж.
9) Қатембаева Б. Қазақ тілін оқыту. Алматы. «Мектеп» 1985ж.
10) Қазыбайұлы С. Мектепте қазақ тілін оқыту әдістері. Алматы.
11) Табылдиев Ә. «Әдеп әліппесі». Алматы. «Рауан» 1997ж.
12) Шешендік сөздер.
13) «Халық ертегісі». Алматы. «Аруна» 1993ж
14) Б.Ж.Ноғайбекова «Тіл дамытудың ғажайып әлемі». Алматы. «Аруна» 2002ж.
15) Саимова С. «Тіл дамыту». Ақтөбе 2009ж.